

# Репрессия құрбандарына МЫҢ ТАҒЗЫМ

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси құғын-сүргін және ашаршылық құрбандарының еске алу күніне орай үндеуін жариялады.

Мемлекет басшысы XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси құғын-сүргін зобаланы халқыныздың тарихындағы қасіретті кезең екенін атап өтті:

«Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін осы нәубеттің құрбандарының мәнгі есте қалдыру үшін мемлекеттік деңгейдегі тиісті шараларды жүзеге асыра бастады. 1993 жылы „Жаппай саяси құғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы“ заң қабылданды», — деді Тоқаев өз үндеуінде.

Президент 1997 жылы Елбасы Н. Назарбаевтың жарлығымен

31 мамыр — Саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленгенін еске салды.

«Репрессия құрбандарын еске алу» болды. Біздің мақсат «Саяси құғын сүргін құрбандары» жөнінде оқиғаны келер үрпақта дұрыс төрөн түсінік беру, олардың саяси санасын ояту, жастардың адамгершілік көзқарастарының қалыптастыру. Болашақ үрпақтың бойына Отансүйгіштікке, патриоттық сезімін, ерлік, батылдық, шындық, тәзімділік, адамгершілік қасиеттерін дарыту. Саяси құғын-сүргінге ұшыраған ақын-жазушылардың ерлігін, үлгі-әнеге ету және болашақ үрпақтың санаусына тәуелсіздік онай жолмен келмегенін көрсету. Бул жастардың іздемпаздығымен, құғынға ұшыраған ата бабаларымыздың сол кезде басынан өткізген қайғы

қасіреттерін түсіну болды. Зұлмат Совет Одағының құрамындағы барлық елді, барша ұлт пен ұлысты, түрлі жастағы азаматтардың бәрін де қамтыған болатын. Саяси құғын — сүргін мындаған жазықсыз адамдардың қаны мен көз жасына суарылған тарихтың шерлі беттерінің бірі болып қала бермек. Біздің ендігі жерде борышымыз — осы қаңқұлы жылдардың оқиғасы, оның жазықсыз құрбаны болған азаматтардың есімдерін ұмытпау, оларды мәнгі еске сақтау» -біздің борышымыз.

Айтолқын Отуншиева  
Айжан Тоқтабек М.Әуезов  
атындағы ОҚУ  
«Стандарттау және  
сертификаттау»  
кафедрасының магистр,  
ага оқытушылары